

**№27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің отырысы
ХАТТАМА №2**

Күні: 26 қараша 2021 жыл

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік қамқорлыққа алынған, көпбалалы жанұя балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету және көмек көрсету туралы
2. II оқу тоқсанындағы болатын мерекелік шаралар

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Камшат Уринбаева күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

- Мектептегі оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сынып жетекшілер әр баланы қарап, қадағалап, ата-аналармен жолығып, сіздерге ескертуі қажет. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылардың ата-аналары құжаттарын толық тапсырып, есепке алынсын. Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың ата-аналарынан арызы түскен арыз тіркеліп, құжаттары жинақталып, есепке алынды. Мектебімізде қазіргі кезге дейін тіркелген толық жетім-2 оқушы, толық емес отбасы - 17 оқушы, көп балалы-73 оқушы. Осы оқушылар киіммен қамтамасыз етілуі керек. Биылғы оқу жылында 1-4 сынып аралығы оқушылары ыстық тамақпен қамтылады және әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылар да ыстық тамақпен қамтылды. Ыстық тамақпен қамту «Утегенова» ЖК-мен арқылы ұйымдастырылып отыр. Ас мәзірімен таныстырып өтті.

Забыхан Марат- ата-ана, кеңес төрайымының орынбасары сөз сөйледі:

- Асхананың беріп жатырған ыстық тамағына мониторинг жүргізілгенін және жұмыс барысында бекітілген ас мәзірімен сәйкестігін айта келе, тағамдар ассортиментінің, күнделікті қажет рационды қамтитынын атады. Мектептегі ас мәзірінің көрнекті, қолжетімді жерде орналасқандығын және де кез-келген уақытта ұсыныс, пікірлерді жазуға мүмкіндік бар екендігін айтты.

2. «Қамқоршылық кеңесінің» төрайымы Шаяхметова Гүлжан желтоқсан айындағы мерекелерге орай оқушылар мен ата-аналарға арналған тәрбиелік шаралар ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері шешім қабылдайды:

1. Мектеп оқушыларын тамақтандыруды үнемі қадағалауда ұстау.
2. Мектепте оқитын оқушылардың отбасылары арасында «Үлгілі отбасы» сайысы ұйымдастырылсын.

**Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы:
Хатшысы:**



**Г.Шаяхметова
М.Габдуллина**